

Министрлер Кабинетінің Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіндегі Өкілдігі туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 шілде 1994 ж. N 755

"Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және үкіметтің Жоғарғы Кеңесте заң шығарушылық инициативасын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесінде Министрлер Кабинетінің Өкілдігі институты енгізілсін.

2. Өкілдікке атқарушы өкімет органдарының парламентарийлермен өзара іс-қимылын ұйымдастыру міндеті, Министрлер Кабинетінің қызметі жөнінде депутаттарға шұғыл хабарлап отыру, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Жоғарғы Кеңестің қарауына ұсынатын заң жобаларын және басқа материалдарды талқылау барысына талдау жасау жүктелсін.

3. Өкілдік аппаратының саны 4 адам болып белгіленсін және

ол еңбекке ақы төлеу мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағдайлары жөнінен Министрлер Кабинеті Іс басқармасының бөліміне теңестірілсін.

4. Іс басқарушысы Өкілдіктің құрылымы мен штаттық кестесін бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары Министрлер Кабинеті Өкілдігінің Қазақстан Республикасының Парламентіндегі қызметіне жәрдем көрсететін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК